

Атырауда халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының облыстық конференциясы өтті. Онда халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы: “Ең бастысы, облыста өзіміздің тілімізге ие болатын ұйым — “Қазақ тілі” қоғамын құру керек”, деп орынды пікір білдірсе, академик Сеит Қасқабасов мұнайлы өңірде мұндай қоғамның болмағанына танданысын жасырған жоқ.

Конференцияда халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының Атырау облыстық филиалды құрылып, оған басшылық жасау үшін елімізге танымал талантты журналист Әбілхан Төлеушев төрағалыққа сайланды.

АТЫРАУ.

...облыстық спартакиада мәресіне жетті

Күмісжан БАЙЖАН,
“Егемен Қазақстан”.

“Нұр Отан” ХДП облыстық филиалы партияның он жылдық мәейтойына орай спорттың бірнеше түрінен облыстық спартакиада өткізді. Жарысқа облыс аудандары мен қалаларынан 12 команда қатысып, олар үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ және кіші футболдан командалық және жекелей біріншілік бойынша күш сынасты.

Тоғызқұмалақтан Жамбыл ауданының командасы мен осы команданың мүшесі Айнұр Моллахметоваға ешкім теңдесе алмады. Шахмат пен кіші футболдан және үстел теннисінен облыс орталығының ойыншылары мен командасы бірінші орындарды иеленді.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

...мешітке мәшине сыйлады

Бақберген АМАЛБЕК,
“Егемен Қазақстан”.

Кокшетаудағы Науан хазірет атындағы орталық мешітке белгісіз болып қалуды қалаған көсіпкер “Тойота” жеңіл автокөлігін тарту етті. Ол жамиғаттың алдында ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, аталған мешіттің бас имамы Канат Қыдырминге табысталды.

Жұртшылыққа тағы бір жағымды хабар жария етілді. Алдымыздағы көктемнен бастап орталық мешіттің жаңа нысанының құрылысы басталатын болды. Ол орналасатын жер мен қаржы көздері анықталған.

Ақмола облысы.

Халық санағына
2009
Перепись
Населения

Халық санағына
14 күн
қалды

Егемен Қазақстан

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады • www.egemen.kz

№59 (25456)
11 АҚПАН
СӨРСЕНЫ
2009 ЖЫЛ

ISSN 1999-9720

9 771999 972005

ДАҒДАРЫСТЫҢ ДАУАСЫ

Елбасымыздың жаңа ұсыныстарын осылайша бағалауға болады

Адамзатты қай кезде де біз қайдан келеміз және қайда барамыз деген сұрақ толғанып келген белгілі. Ал бұл мәселе қазіргідей жаһандық дағдарыс жағдайында барынша өткір сипат алады. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев “Дағдарыстан шығудың кілті” атты мақаласында сол кілтті іздеуді өте әріден бастайды және баршаны осындай ізлеші жолымен жүруге шақырады.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты, академик.

Әлемдік қаржы дағдарысының жер бетіндегі барлық мемлекеттерді шарпып өткені, өтіп қана қоймай, олардың кейбіреуін банкроттық жағдайға жеткізгені мәлім. Түрлі елдердегі бұған дейін таза пайдасының есебін ғана алып, дағдарыс емес-ау, сәл қидру дегеннің не екенін білмей келген небір алып компаниялар мен фирмалар аман қалудың амалдарын қарастырып, фабрикалар мен зауыттарын жабу да немесе жұмысшыларын қысқартуда. Көптеген дамыған елдер миллиондаған жұмыс орындарының қысқаруына байланысты әлеуметтік ахуалды ушықтыруға жол бермеу мақсатында қысқартқан жұмысшылардың жағдайларын ойластыруда. Сонғы оншақты жылда дағдарыстың екінші кайтара соғуы әлем елдерінің басшыларын терең ойға қалдырып отыр. Алайда, көптеген саясатшылар мен сарапшылар нақ осы дағдарысты енсеру жолдарын ғана ойластырып отырғаны анық. Ал дағдарыстың шығу себебі неде, бір елде басталған тоқыраудың барша елдердің қаржы жүйесін қамтуы нәтижесінде, әлемнің барлық елдерін дағдарыстан шығу жолдарын бірлесіп ойлауға не келергі деген сұрақтар жауапсыз қала беретін.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың “Российская газетаның” 2 ақпандағы нөмірінде жарияланған “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласы көтерген тақырыбының ауқымдылығы, мәселе шешімін іздестірудегі инновациялық жана-шылдығы тұрғысынан көптеген



әлем елдеріндегі саясаткерлер мен сарапшылардың назарын аударды. Ондағы сөз болып отырған мәселелер планеталық деңгейдегі проблемалар. Экономика саласындағы дағдарыс бүкіл әлем елдеріне етек жайды және де толастамай, барған сайын күрделіленіп бара жатыр. Дағдарысты тежеу, одан шығу амалдарын барлық елдер жаппай іздеу үстінде.

Осыған орай әлем елдеріндегі саясатшылар мен сарапшылардың бірі емес, бірегейі болып дағдарыстан шығудың тосын жолын Қазақстан Президенті ұсынып отыр. Мақалада көтерілген мәселелерді тек дағдарыстан шығу үшін деп қана емес, әлем экономикасының келешекте дұрыс дамуына тигізетін әсері сонша, оны қазақ өркениетінің әлемдегі ең терең ой-толғаныстарға қосқан дербес те тиімді үлесі деп айтуға негізіміз бар. Аталмыш мақала терең мазмұнымен оның ав-

торын әлем деңгейіндегі қайраткер дәрежесіне көтере түсетіні сөзсіз.

Нұрсұлтан Әбішұлы “Қазіргі жаһандық дағдарыс — бұл мүлде қандай да бір табиғи апат емес және жағдайлардың кездейсоқ қиыншылығының нәтижесі емес, бәзбір терең ішкі ақаулықтың заңды сыртқы салдары”, дей келіп, дағдарыстың себептерін нақты айқындап, белгілемейінше, дағдарыстың өзі бастау алған әлемдік валюта-қаржы жүйесін жөндеу жөніндегі біздің бүкіл күш-жігеріміз тек косметикалық сипатта ғана болатынын атап көрсетеді.

Мақала авторы өзі қарапайым деп атаған жеті сұрақ қоя отырып, қазіргі дағдарыс жағдайын сауықтырудың жеті дауасы туралы түсінік береді. Мәселен сол қарапайым сұрақтардың біреуін қойып көрелікші: “Әлемдік валюта жүйесі тиімді де нәтижелі болып табыла ма, яғни оның жұмысының нәти-

желері адамзатты және тұтастай әлемді дамыту мақсаттарына қаншалықты сай келеді?” Қайдан болсын, дерсіз. Бірақ бұл жауап сіздің адалдығыңызды көрсете ме? Президенттің жауабын да тындап көрелік: “Әлемдік валюта жүйесі жұмысының іс жүзіндегі нәтижелері оркендеу үстіндегі әлемдік капиталдың және тұрақты әлемдік дамуының (бірыңғай әлемдік валютаның да) болуының өзі бүгінде қатерлі болып отырған жағдайға жеткізді. Бұл оның толық тиімсіздігінің айқын дәлелі”.

Дағдарыстың ең бірінші себебі әлемде қалыптасқан валюта жүйесінің қазіргі заман талабына сәйкес келмеуі, дейді Президент. Бұл өте дұрыс пікір. Өйткені, осы күнге дейін американдық доллар әлемдік валюта болып қалыптасты. Н.Назарбаев мақалада доллардың жаһандану тұрғысынан алғанда жеті генетикалық ақауын жан-жақты

талдап отыр. Доллар және басқа елдердің валюталары да қазір қажеттен тыс көптеп шығарылып жатыр. Ақша экономикаға тек бірақ жағдайда керек, яғни тауар мен қызмет көрсету айналымын қамтамасыз ету үшін ғана. Сондықтан тауар мен қызмет көрсету көлемі оған қажет ақша мөлшерімен сәйкес, тіпті тепе-тең болуы керек. Егер олай болмай, ақша қажеттіліктен артық шыққан жағдайда валюта жүйесі бұрмаланады, өзін міндетін дұрыс атқара алмайды. 2007 жылы барша әлем елдеріндегі ішкі жалпы өнім 60 триллион доллар көлемінде болған екен, сол жылы барлық елдердегі ақша көлемі долларға шаққанда 600 триллион доллар болған екен. Міне, осы жағдай валюта жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын жоққа шығарып отыр. Қазіргі қалыптасқан жүйесінің ең күрделі кемшілігі деп Президент осыны атап отыр. Ал енді әлемдік валютаның қандай болуы, қанша көлемде болуы, оның бағамының белгіленуі қалай жүруі керек? Елбасы әлем саясатшылары мен сарапшыларының, жұртшылығының алдында әлемдік валюта иесінің жауапкершілігі қандай болуы керек деген мәселелер төңірегінде тереңнен ой толғайды.

Долларды шығару қазір бір-ақ елдің (эмитенттің) қолында. Ол — Америка Құрама Штаттары. Ақша шығаратын станоктың иесі солар. Басқа мемлекеттер ол станоктың жұмыс істеуіне ешқандай әсер ете алмайды. Сондықтан валюта жүйесінің дұрыс не бұрыс жұмыс істеуіне тек бір-ақ мемлекеттің экономикалық саясатына барша әлем тәуелді болып отырмыз. Америка қазір долларды шамасынан көп шығарып жатыр, өздеріне бұл жақсы болғанымен, басқа елдерге салқын әсерін тигізуде. Біз мұны қазіргі дағдарыстан жақсы көріп отырмыз. Президент мұның да дұрыс еместігін жан-жақты сараптап, әлем деңгейінде барлық елдермен келісе отырып жана валюта жүйесін, жана ақша (акметалл) енгізуді ұсынып отыр. Бұл тосын, әлемде алғаш рет айтылып отырған пікір. Бұл ақшаны бір мемлекет шығармай, халықаралық эмиссиялық орталық шығаруы керек және осы орталық жұмысы халықаралық мекемелердің бақылауында болуы керек, дейді біздің Президент. Осы жолға жету мақсатында алдымен өңірлік

валюталар жүйесін қалыптастыруды да Президент ұсынып отыр.

Экономист-сарапшы ретінде мен осы пікірлерге толығымен қосыламын, оларды қолдаймын. Тек біздерде емес, көптеген елдерде Президенттің пікірі терең талқыланып, қолдау табуда. Еуроодақ пікірлері де Н.Назарбаев пікірлерімен жалғасады. Көптеген халықаралық өте жоғары лауазымды жиындарда да Президент ұсыныстары талқыланары сөзсіз.

Елімізде дағдарыстың зардабын барынша азайту, оны енсеру жөніндегі шаралар алынып, жүзеге асырылуда. Бұл істе енсеру үдерісіне қатысушылардың барлығы адал, қолдары таза болғаны жөн. Сонымен қатар дағдарысты енсеру, оның зардабын жою Үкіметтің ғана міндеті деп қарап отыруға ешкімнің құқы жоқ. Ол еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін баршаның қатысуын, баршаның адал еңбек етуін талап етеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік қоғамды сауықтыру мақсатында айтқан ой-пікірлер дәл осы атаулармен болмаса да осыған ұқсас атаулармен іске асатыны сөзсіз. Тіпті болмағанда, Елбасының ой-пікірлері жана бір толғаныстарға бастайтыны анық. Қалай болғанда да қазіргі қалыптасқан қарым-қатынас жана немесе жана-ланған капиталдың болуын талап ететіні, сол секілді болашақтың валютасы әлемдік қоғамды жана ша қалыптастыратыны сөзсіз.

Әлемдегі ең күрделі дағдарыстан шығудың осындай тура жолын баршаның назарына 500 жыл нарық экономикасымен жүріп келе жатқан елдердің мемлекеттік қайраткерлері емес, небәрі 18 жыл бұрын ғана осы жолға түскен Қазақстанның басшысы ұсынғаны ұлтты қуантатын жағдай. Бұл біздің дағдарыстан шығуымыздағы қайратымызды өсіреді.

Егер экономикамыз мықты, әлем елдерімен байланысымыз дұрыс болса, дағдарыс бізді сырт айналып кетеді деп ойлаудың еш реті жоқ. Қазіргі кезеңде басқа елдермен ешқандай қарым-қатынасқа түспей, дербес дамыған деу бекершілік. Олай болса әлемнің бір шетінен шыққан дағдарыс дауылы көзді ашып-жұмғанша бізге де жетіп келетіні түсінікті болды. Ал оны енсерудің ең дұрыс әдісі әлем елдерінің бірлескен әрекеті. Ол әрекет қалай болатынын ойластыру, қандай жолмен жүру керектігін тандау әлемдік деңгейдегі саясатшылардың міндеті. Сол міндетін айрықша түсініп, бірінші болып мәселе көтерген Елбасының еңбегі қай жағынан алғанда да айрықша атап көрсетуге лайық.

Суретті түсіргендер
С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.